

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 30 қаңтар  
сағ.15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: Қоғамдық кеңестің мүшелері *(тізім бойынша)*, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері *(тізім бойынша)*, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ стратегиялық даму жөніндегі проректоры-Басқарма мүшесі Д.Р. Айтмағамбетов.

**1. 2040 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында сутегі энергетикасын дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеу туралы**

*(Ф. Сергазин)*

1.1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Ф.Е. Сергазиннің 2040 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында сутегі энергетикасын дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеу туралы ақпараты назарға алынсын.

**1.2. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті:**

- Қоғамдық кеңестің мүшелері А.С. Әбілдаевты, Ә.С. Қуатты, Е.С. Қожмамбетті, О.Х. Байдильдиновті 2040 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында сутегі энергетикасын дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу мәселесін қарастырсын;

- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-мен ұлттық университеттің алаңында сутегі энергетикасы мәселесін талқылау мүмкіндігін қарастырсын.

**1.3. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- «Энергетикалық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу мүмкіндігін қарастырсын;

- жылу және электр энергетикасы саласындағы кадрлық қажеттілік туралы ақпаратты Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның стратегиялық даму жөніндегі проректоры Д.Р. Айтмағамбетовке ұсынсын;

- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-мен бірлесіп, Энергетикалық жабдық өндірісін жергіліктендіру жөніндегі жұмыс тобын құру және оның құрамына Қоғамдық кеңестің мүшелері Н.А. Жұмағұловты, Е.С. Қожмамбетті, А.С. Әбілдаевты енгізу мәселесін қарастырсын.

#### **1.4. Қоғамдық кеңестің хатшылығы:**

- Қоғамдық кеңестің кезекті отырысына «Энергетикалық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу мүмкіндігі туралы мәселені шығарсын.

## **2. Электр энергетикасы объектілерін орналастырудың бас схемасы, отандық жобалау, инжинирингтік және құрылыс-монтаждау компаниялардың энергетика объектілерін реконструкциялауға және жаңғыртуға қатысуы туралы**

*(А. Мусин)*

2.1. Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары А.Б. Мусиннің электр энергетикасы объектілерін орналастырудың бас схемасы, отандық жобалау, инжинирингтік және құрылыс-монтаждау компаниялардың энергетика объектілерін реконструкциялауға және жаңғыртуға қатысуы туралы ақпараты назарға алынсын.

#### **2.2. Қоғамдық кеңестің хатшылығы:**

- «2035 жылға дейін электр қуаттарын орналастырудың перспективалық схемасы туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығын қол қойылғаннан кейін Қоғамдық кеңестің мүшелеріне жіберу;

#### **2.3. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- Электр энергетикасы объектілерінің бас (перспективалық) схемасына өзгерістер енгізу, Нарықтық кеңес одан әрі пайдалануға жарамсыз деп таныған және энергетикалық теңгерімнен шығарылған және олардың жаңа генерациясымен ауыстырылатын генерациялау объектілерінің атауларын көрсету бөлігінде өзгерістер енгізу;

- энергетика саласындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды жобалау және салу сатысында техникалық шарттарды әзірлеу кезінде елішілік құндылықтардың максималды үлесін қамтамасыз ету бөлігінде нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мәселелерін шешу қажеттілігі;

- заңнамалық реттеу бөлігінде жұмысты жандандыру және реттелетін сатып алулардағы елішілік құндылықтардың үлесін арттыруға бағытталған офтейк-келісімшарттар мен ұзақ мерзімді шарттар жасау құралдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

## **3. Қолданыстағы электр энергиясының көтерме сауда нарығы моделінде транспаренттіліктің болмауы**

*(А. Мусин)*

3.1. Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары А.Б. Мусиннің электр энергиясының көтерме сауда нарығында

ашықтықты қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын

**3.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы баға белгілеу процестерінің ашықтығы мен айқындылығы;

- қолданыстағы заңнамаға Нарықтық кеңестің электр энергиясына шекті тарифтер және энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының өзірлігін қолдау қызметі бойынша ұсынымдарды қарау және беру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізісін.

**4. Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы**


(Б. Әуетаев)

4.1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

**Қоғамдық  
кеңестің төрағасы**

**Қоғамдық  
кеңестің хатшысы**

*Б. Әуетаев*



**Б. Әуетаев**

**Н. Секербеков**